


КӨПКЕ ҮМТЫЛҒАН ЖАЛҒЫЗ. ӘЛЕУМЕТТІК ПСИХОЛОГИЯҒА КІРІСПЕ

Адамға тән агрессия. 1-бөлім

4-тарау. Адамға тән агрессия





Кітап: Көпке ұмтылған жалғыз. Әлеуметтік психологияға кіріспе

Тарау: 4. Адамға тән агрессия

Дәріс: 15. Адамға тән агрессия, 1-бөлім

Агрессия туа пайда бола ма, әлде ол адам табиғатының бір бөлігі болып санала ма? Оны өзгерту мүмкін бе? Оның деңгейін еселейтін немесе азайтатын әлеуметтік және ситуациялық факторлар қандай?

Агрессияның анықтамасы

Әлеуметтік психологтар агрессиялық әрекетке «физикалық және психологиялық тұрғыдан қинау мақсатында қасақана жасалған іс-әрекет» деген анықтама береді. Агрессия – бұл «біреуге қасақана зиян келтіріп, қинауға бағытталған әрекет» деген анықтама берер едім. Осы әрекет физикалық немесе вербалды болуы мүмкін. Өз мақсатына жетсе де, жетпесе де ол агрессия болады. Бастысы – ниет.

Сондай-ақ, дұшпандық агрессия мен инструменталды агрессияны ажырата білу керек.

Дұшпандық агрессия дегеніміз – ашулану сезімінен туындайтын және қинауға немесе жарақаттауға бағытталған агрессия түрі. Инструменталды агрессияның басты мақсаты өзге адамның жанын жаралау болғанымен, ол қинаудан басқа әрекеттің негізгі тәсілі ретінде қолданылады.

Агрессия инстинктілі түрде бола ма?

«Агрессия туа біте ме немесе инстинктілі құбылыс па, әлде ол жүре келе пайда болатын құбылыс па?» деген мәселеде ғалымдардың, философтардың және басқа да белгілі ойшылдардың пікірі қақ жарылады. Бұл қарама-қайшылық енді ғана пайда болған жоқ, ғасырлар бойы жалғасып келе жатыр. Мысалы, Томас Гоббс өзінің «Левиафан» деп аталатын классикалық еңбегінде алғаш рет 1651 жылы жарық көрген: «табиғатына сай адамдардың ақылы аз, сондықтан тек заң шығарып, құқықтық тәртіп орнату арқылы ғана олардың агрессияға деген ниетін құрықтай аламыз» деп көрсетеді. Ал Жан-Жак Руссо болса, 1762 жылы дүниеге келген өзінің ақкөңіл пенде жайлы концепциясында: «біз, адамдар, табиғатымызға сай биязы жаратылыс иесіміз, ал біздің теріс қылықтарымыз бен агрессиялы болуымызға бәріне шектеу қойып отыратын қоғам кінәлі» деп көрсетеді.

Гоббстың пессимистік көзқарасын жиырмасыншы ғасырда Зигмунд Фрейд әрі қарай дамытты. Ол: «адамдарда туа пайда болатын Эрос деп аталатын өмір сүру инстинкті мен тура сондай күшке ие Танатос деп аталатын өлім инстинкті бар. Соңғысы агрессиялы іс-әрекетке бастай отырып, өлімге алып келеді», – деп көрсетеді. Өлім инстинкті туралы Фрейд былай деп жазады: «Өлім инстинкті әр тіршілік иесінде болумен қатар, ол сол тіршілік иесінің өмірін талқандап, өмірді өлі материяға айналдыруға итермелейді». Оның ойынша, агрессиялы энергия қандай да жолмен болсын сыртқа шығуы қажет, олай болмаған жағдайда ол адамның ішінде жинала беріп, нәтижесінде адам ауруға ұшырайды. Фрейдтің теориясын гидравликалық теория деп сипаттаған жөн. Оның баламасы ретінде жабық ыдыстағы су қысымының артуын айтуға болады: агрессияны сыртқа шығармаса, ол бір күні жарылады. Ғалымның пікіріне сүйенсек, қоғамның негізгі функцияларының бірі – осы инстинкті басқарып, адамдардың аталмыш энергиядан арылуына, яғни оны қандай да бір пайдалы іске айналдыруына көмектесу.

Төменгі сатыдағы жануарлар арасындағы агрессия

Адамзат агрессиясына қатысты нақты бір ғылыми тәжірибе жасау мүмкін болмағандықтан, мұндай агрессияның инстинктілігі жайлы эксперименттер қызықты болса да көңілге қона бермейді. Осыған байланысты ғалымдар агрессияның пайда болуы мүмкін деңгейі жайлы қосымша ақпарат алу мақсатында, тәжірибені жануарларға жасай бастады.

Адамдардың биологиялық тегі жайында тереңірек мағлұмат алу үшін генетикалық жағынан өзімізге ұқсас болып келетін жануарлардың мінез-құлқын бақыласақ жетіп жатыр.



Кітап: Көпке ұмтылған жалғыз. Әлеуметтік психологияға кіріспе

Тарау: 4. Адамға тән агрессия

Дәріс: 15. Адамға тән агрессия, 1-бөлім

Жануарлар әлемінде шимпанзе бізге ең жақын болумен қатар, оның ДНҚ-ның 98 пайызы біздікіне ұқсас. Шимпанзелер әдетте өте агрессиялы. Олар адамдар сияқты бір-бірімен ұдайы қырқысып жүрмесе де, еркек шимпанзелер басқа шимпанзелерді аулап, өлтіре береді.

Осыған байланысты адамдардың, әсіресе ер адамдардың агрессиялы мінез-құлқын генетикамен байланыстырып түсіндірген жөн.

Агрессия приматтардың барлығына тән деуге болады, демек, оның пайда болуы мен осы уақытқа дейін сақталып қалуы өмір сүру үшін аса қажет екеніне байланысты болса керек. Алайда эволюциялық психологтар тіршілік иелерінің барлығында дерлік қажет болған жағдайда агрессияны басып отыруға мүмкіндік беретін тежеуіш механизмдердің бар екенін назардан тыс қалдырып келеді. Агрессия міндетті түрде болуы тиіс тәсіл емес. Ол жануардың бұрынғы әлеуметтік тәжірибесі, сондай-ақ, олар нақты, шынайы әлеуметтік контекст арқылы анықталады.

Адамдар арасындағы әлеуметтік қарым-қатынас әлдеқайда күрделі болады. Сондықтан генетикалық жағынан адамдарға жақын жануарларға қарағанда, адамдар үшін әлеуметтік жағдай үлкен рөл атқарады. Леонард Берковицтің пікіріне сүйенсек, белгілі бір тітіркендіргіштерге жауап беру ниеті адамдарда туа пайда болады. Аталмыш агрессиялық мінезді ашық түрде көрсете ме, жоқ па деген мәселенің жауабы – туа біткен қасиет пен әлеуметтік жағдай арасындағы күрделі қатынасқа байланысты. Мысалы, ұсақ жәндіктерден маймылға дейінгі көптеген жануарлар өз мекенін қорғау үшін басқа жануарларға қарсы шабуыл жасайтындығы еш дау туғызбағанымен, кейбір жазушылардың пікіріне қосылып, «адамдар да өздерін қорғау үшін сыртқы қоздырғыштарға агрессиялы түрде жауап береді» деу көңілге қона бермейді.

Берковицтің адамдардың туа біткен мінез-құлқын өзгертуге және өмірге икемдеуге болады деген пікірін қолдау мақсатында көптеген дәлел келтіруге болады. Адам мәдениеті осы мәселеге келгенде бір-бірінен қатты ерекшеленеді.

Адамдардың агрессиялы ниетін өзгерту үшін қолданылатын тәсілдер де көбейді. Дегенмен белгілі бір мәдениеттегі әлеуметтік жағдайлардың ұдайы өзгеріп отыруы агрессиялы мінез-құлықты қалыптастырды.

Тәжірибе нәтижесіне қарап, «агрессия – адам баласына да, приматтарға да тән қасиет, әйтсе де оның пайда болуы түйсікке ғана байланысты емес» деген қорытынды жасауға болады. Мәдени әсерлер біздің жағдаяттық және әлеуметтік оқиғаларға түсінігімізді қалыптастырып, агрессиялы жауап беруімізді анықтай алатынын көрсететін мысалдар жеткілікті. Ең бастысы, адамдардың мұндай мінез-құлқын әлеуметтік факторлардың көмегімен өзгерте алатындығымызды жақсы білеміз. Қысқасы, агрессиялы мінез-құлықты ауыздықтауға болады.

Агрессияның қажеті бар ма? Ең мықтының тірі қалуы

Сонымен, адам өз бойындағы агрессияны ауыздықтай алады екен. Бірақ соны ауыздықтаудың қажеті қанша? Кейбір зерттеушілер «агрессия пайдалы, тіпті қажет болуы мүмкін» деген пікір айтады. Мысалы, Конрад Лоренц агрессияны «түйсіктің өмірді сақтап қалуға қажетті маңызды құрамдас бөлігі» деп есептейді. Өзінің дәлелін жан-жануарларға негіздеген ол «агрессия хайуанаттардың енесінің ақылды да мықты болуына және ең батыл жануардың топты бастауына ықпалын тигізеді» деп, оны жануарлардың эволюциялық дамуындағы маңызды факторлардың бірі ретінде қарастырады. Топтағы билікті әуел бастан-ақ агрессиялы мінез-құлық таныта білген ең мықты, агрессиялы аталық маймыл қолына алады. Сонымен қатар, басымдыққа ие болған аталық маймыл ұрпағының санын көбейтуге және өзінің күш-қуатын келешек ұрпаққа жеткізуге міндетті болғандықтан, колонияның өмір сүру мүмкіндігі де арта түспек.

Осындай мәліметтерді ескере отырып, кейбір зерттеушілер адам агрессиясын ауыздықтауға тырысудың дұрыс еместігін алға тартады. Олардың ойынша, ұсақ жәндіктер арасында болатын жағдай сияқты адам агрессиясы да тіршілік үшін күресте үлкен рөл атқарады. Алайда әңгіменің басында айтып өткенімдей, аталмыш тұжырым агрессияның қисынсыз анықтамасына негізделеді. Жетістікке жету мен дамудың қозғаушы күшінің түп тамырын агрессия мен қатыгездіктен іздеу



Кітап: Көпке ұмтылған жалғыз. Әлеуметтік психологияға кіріспе

Тарау: 4. Адамға тән агрессия

Дәріс: 15. Адамға тән агрессия, 1-бөлім

ақиқатқа жету жолын қиындата түседі. Тапсырманы шешуге немесе қандай да бір дағдыны игеруге басқаларға залалыңды тигізбей-ақ немесе оларды өзіңе бағындыруға тырыспай-ақ жетуге болады. Сорақысы сол, мұндай тұжырымдарға адамдардың қатты сенетіні соншалық – нәтижесінде агрессиялы тәсіл мен бәсекеге жүгінбестен-ақ өмір сүруге болатындығы назардан тыс қалады. Бұған дәлел жетіп артылады. Термиттер, аралар, құмырсқалар сияқты бірлесіп өмір сүретін жәндіктердің әрекеті бізге біршама таныс. Біз шимпанзелердің альтруистік деп сипаттауға болатын мінез-құлқын біле бермеуіміз мүмкін.

Катарсис. Катарсистің пайдасы бар ма?

«Агрессия пайдалы тіпті кейбір жағдайда қажет». Ара-тұра осындай да пікірлер айтылып жатады. Мен мұнда катарсистің психоаналитикалық тұжырымдамасы, яғни іштегі энергияны сыртқа шығарудағы рөлі жайлы айтып отырмын. Жоғарыда айтып өткеніміздей, Зигмунд Фрейдтің ойынша, егер адамдарға агрессиясын шығаруға мүмкіндік берілмесе, онда агрессия жиналып, қысымға айналады. Іштегі энергия сыртқа шығу жолын іздейді, сөйтіп, бір күні жарылады немесе адам психикалық ауруға душар болады.

Кек алу, оверкилл және эскалация (ушығу)

Агрессиялық іс-әрекетке бару неге арадағы қастықты күшейте түседі? Біріншіден, біз бір рет басқа адамға деген жағымсыз сезімімізді білдірсек немесе бір рет бастығымызды «тасжүрек, пасық» деп атасақ, әсіресе бұл әңгіме көптің көзінше айтылса, келесі жолы да біз еш қиналмастан, осындай мінез көрсетіп, осындай әрекет ете аламыз. Есте сақтайтын бір нәрсе: кек алу – әдеттегі жай тіл тигізу мен шабуыл жасауға қарағанда әлдеқайда күрделі әрекет. Біз кейде диссонансты азайтудың алғышарты ретінде де артық әрекетке баруымыз мүмкін.

Оверкилл диссонансты арттыра түседі. Сіз тартқан зардап пен оған қарсы әрекетіңіздің арасында сәйкессіздік неғұрлым көп болған сайын, диссонанс та соғұрлым ұлғая түспек. Диссонанс неғұрлым көп болған сайын, сіз оның намысына көбірек тиетін боласыз. Көп жағдайда күш көрсету зорлықшылдық тенденциясын азайтпайды. Керісінше, зорлық-зомбылық құрбаны болғандар туралы жағымсыз пікір қалыптастырады. Нәтижесінде бір зорлық келесісіне жол ашады.

Бұл арада атап өтуге тиіс бір мәселе бар: нақты өмірдегі көптеген жағдайлар бұған қарағанда әлдеқайда күрделі. Кек алу қылмыстан да бетер. Жақында жүргізілген зерттеулер оның себебін былай түсіндіреді: біздің басқаларды қинауымыз олардың қинауымен салыстырғанда, түкке тұрмайтын сияқты көрінеді.

Агрессияның себептері

Неврологиялық және химиялық себептер

Адамдардың, сондай-ақ, жан-жануарлардың орталық миында агрессиялы мінез-құлықпен тығыз байланысты амигидала деп аталатын аумақ бар. Бұл аумақты тоқпен соққан кезде бейқам тұрған ағзалар қоза бастайды; сондай-ақ осы аумақтағы нейрондық белсенділік шектелсе, дамылсыз ағзалар тынышталады. Алайда мұндай жағдайды өз қалауыңызға қарай өзгертуге болатынын да атап өту керек: жануарлардағы нейрондық тетіктердің әсерін әлеуметтік факторлар арқылы өзгертуге болады.



Кітап: Көпке ұмтылған жалғыз. Әлеуметтік психологияға кіріспе

Тарау: 4. Адамға тән агрессия

Дәріс: 15. Адамға тән агрессия, 1-бөлім

Тестостерон

Кейбір химиялық элементтердің агрессияға әсер ететіні анықталған. Мысалы, еркектік жыныс гормоны болып табылатын тестостеронды екен кезде жануарлардың агрессиясы арта түседі.

Алайда агрессияның физикалық емес түріне келгенде, жағдай шиеленісе түседі. Зерттеу нәтижелері ұлдар физикалық агрессияға, ал қыздар әлеуметтік агрессияға бейім екенін көрсетті. Никки Крик пен оның серіктестері мұны реляционды агрессия деп атайды. Атап айтсақ, қыздар құрдастарының беделін түсіріп, достарымен байланысына зиян келтіруге бағытталған іс-әрекетке жақын. Оның айқын мысалы ретінде, шеттетуді, жалған ақпарат таратуды, өсектеуді жатқызуға болады. Мұндай іс-әрекеттің залалы да ұшан теңіз. Ғаламтордың пайда болуына байланысты бұзақылық мектеппен ғана шектеліп қалмайды, керісінше, мұндай әрекетін тәулік бойы жалғастыра алады. Оның үстіне, ғаламтор мұндай әлеуметтік бұзақыға оңтайлы жағдай тудырып отыр, бір тетікті басу арқылы адамның беделіне нұқсан келтіруге болады. Ал мұны мұғалім де, ата-ана да оңайлықпен байқай алмайды. Бір ғана мысал келтірейік: 2010 жылы 15 жасар Фиби Принс атты студенттің өзінен біршама үлкен жігітпен кездесіп жүруі мектептегі біраз қыздың ашуын келтіреді. Олар үш ай бойы қызды ғаламтордағы әлеуметтік желілер және Facebook арқылы күлкіге айналдырып, мазақ етеді. Фибидің ауыр күйзеліске ұшырағаны сондай, ақыры, өз үйінде асылып өледі.

Ішімдік

Ішімдік тежегіштік қызмет атқарады; яғни ішімдік ішу кезінде біздің сергектігіміз төмендеп, белсенділігіміз азаяды. Бұдан да қызық мәлімет бар. Соңғы кезде жүргізілген зерттеулер – ішімдіктің ақпаратты қабылдау мүмкіндігімізге шектеу қоятынын да көрсетіп отыр. Басқаша айтсақ, мас адамдар өмірде болып жатқан әлеуметтік жағдайлар жайлы жалпылама түрде білгенімен, нақты ақпараттарды біле бермейді.

Ауыру мен дискомфорт. Ауыру мен дискомфорт агрессияның негізгі алғышарттары болып табылады.

Фрустрация және агрессия. Өзіміз байқағандай, агрессияның тууына ашу, ауру, аса жоғары температура және сол секілді басқа да жағымсыз жағдайлар себеп болады. Осылардың ішінде бұған алып келетін негізгі себеп – фрустрация. Егер адам белгілі бір мақсатқа жету жолында кедергіге ұшыраса, ашуға ерік беруі әбден мүмкін. Мұндай кезде оның агрессиялы әрекет жасауы ықтимал.

Қорыта келе айтарымыз, жоғарыдағы эксперименттер көрсеткендей, ойлаған мақсатыма енді жеттім деген кезде немесе алдынан күткен үміті ақталмаған жағдайда фрустрация айқын білінеді. Бұл факторлар фрустрация мен депривацияның айырмашылығын түсінуге көмектеседі. Демек, фрустрацияны депривацияның емес, ол – салыстырмалы депривацияның нәтижесі.

Орындалмаған армандар адамның көңіліне маза таптырмаған сәтте фрустрация үнемі агрессияға айналып отырады. Арманың іске асқанда ғана немесе сол арманнан бас тартқанда ғана агрессия азаяды.

Шеттету, алып тастау және қорқыту. Жоғары сынып оқушыларының спортшылардан, сынып басшысы, топ қолдаушылары және ең биік сатыдағы «препилерден» тұратын өз иерархиясы бар. Ал төменгі сатыда өте семіз, өте арық, өте қысқа, өте ұзын немесе дұрыс киінбейтін балалар болады. Жоғарыдағылар оларды «оқымысты», «гот», «әпенді», «жалғызбасты», «примат» деп мазақ қылады. Иерархияның жоғарғы сатысындағы жасөспірімдер төменгі сатыдағыларды үнемі шеттетеді, қорлайды, мазақтайды.

Әлеуметтік білім және агрессия. «Адам нақты бір жағдайда агрессиялы әрекетке бара ма, жоқ па?». Осы мәселені анықтауда әлеуметтік білім маңызды рөл атқарады. Біз әлеуметтік білімнің агрессиялы әрекетті қалай шектейтінін білеміз. Қандай жағдайда да адамның ой-ниеті үлкен рөл атқарады. Әлеуметтік білімге негізделген бір тәжірибеміз, міне, осыған байланысты. Адамдар өзгелердің ой-ниетін тез аңғарып, соған сай әрекет жасайды. Бұл – басқа жан-жануарларда жоқ, тек адамға ғана тән қасиеттердің бірі.



Кітап: Көпке ұмтылған жалғыз. Әлеуметтік психологияға кіріспе

Тарау: 4. Адамға тән агрессия

Дәріс: 15. Адамға тән агрессия, 1-бөлім

Бірақ медальдің екінші жағы бар дегендей, агрессия туғызатын фрустрацияны оны қоздыратын басқа да жағдайлар арқылы күшейтуге болады екен. Леонард Берковиц пен оның әріптестері адам ашуланып тұрған кезде оның ашуына тиетін сөз айту немесе ашуына тиетін адамды есіне салу арқылы сол кісінің ашуын одан әрі қоздыра түсуге болатынын байқады. Сонымен қатар, агрессияға қатысы бар объектінің болуы да дәл сондай әрекетке бастауы мүмкін.

Агрессияны тежеуге үйрететін әлеуметтік білім аспектілерінің бірі – адамдардың өз ісіне жауап беру тенденциясы. Аталмыш жауапкершілік сезімі әлсіресе не болады? Филип Зимбардо тұйық, бұйығы адамдар ашық адамдарға қарағанда агрессиялы әрекетке бейім келетінін көрсетті. Ол анонимділік сананы әлсіретеді, мұндай жағдайда адамдар өзгелердің пікіріне елең етпейтін болады және жалпыға ортақ мінез-құлық нормаларын сақтауды қажет деп санамайды. Нәтижесінде бұл жағдай деиндивидуализацияға, яғни адамның өзіндік бейнесінің жоғалуына алып келеді деп көрсетеді.